

1996 жылдың 1 шілдесінен бастап зейнетақыны өсіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 маусым N 818

"Қазақстан Республикасы халқы тұрмысының әлеуметтік жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 2692 U952692_ Жарлығы мен "1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 U952700_ Заң күші бар Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылдың 1 шілдесінен бастап осы күнге қалыптасқан: еңбек, мүгедектігі бойынша мерзімді қызметтің әскери қызметшілері, асыраушысынан айырылу, әлеуметтік жағдайы бойынша зейнетақы мөлшерін 21 процентке көбейту іске асырылсын. Бұл ретте 1992 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған еңбек зейнетақысына (асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша зейнетақылардан басқа), мүгедектігі бойынша мерзімді қызметтің әскери қызметшілерінің зейнетақыларының ең төменгі өсіру сомасы 650 теңгеден, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша (асырауындағы әрбір адамға), бала кезінен мүгедектерге әлеуметтік зейнетақылар - 500 теңгеден, басқа

әлеуметтік зейнетақылар - 400 теңгеден кем болмауға тиіс.

2. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері 1996 жылдың 1 шілдесінен бастап өсірілген зейнетақылар мөлшерін қайта есептеу мен төлеуді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары